

**Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі  
жүйесіндегі сыртқы экономикалық қызметтің Республикалық консультативтік  
орталығын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 мамыр N 606

Мемлекеттік және шаруашылықты басқару функцияларын бөлу, Қазақстан Республикасы энергетика, көмір және атом өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметін одан әрі үйлестіру мақсатында және "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің жүйесінде шаруашылық жүргізу құқығындағы "Энергетикадағы сыртқы экономикалық қызметтің Республикалық консультативтік орталығы" мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - **О р т а л ы қ**) **қ ұ р ы л с ы н**.

2 . **О р т а л ы қ қ а :**

энергетика кәсіпорындарында шетел инвестицияларын жаңа электр станцияларын салуға тарту жөнінде, сондай-ақ қазіргі жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңғырту мен жетілдіруге, көмір, радиоактивті және жерде сирек кездесетін элементтердің және олардың қоспаларының кен орындарын әзірлеуге тиімді көмек көрсету;  
ведомстволық бағыныстағы салалардың объектілеріне озық батыс технологияларын **е н г і з у ;**

шетел фирмаларының ұсыныстарына техникалық, коммерциялық, қаржылық және заңдық сараптау жүргізу, сондай-ақ олармен контракт даярлау үшін жұмыс тобын құру жөніндегі **ж ұ м ы с т а р д ы** **ұ й ы м д а с т ы р у ;**

ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың ұсыныстары бойынша шетел инвестицияларын пайдалана отырып құрылысын салу, қайта жаңғырту және кеңейту барынша тиімді болатын бірінші кезектегі объектілердің тізбелерін айқындау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының электр энергетикалық секторын жекешелендіру бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыру жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Орталықтың жарғылық қорын қалыптастырсын және

Орталықтың орналастыру мәселесін шешсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бір ай мерзім ішінде кәсіпорын Жарғысын бекітсін және оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК